



Бірлігі жарасқан жастар - мәңгілік елдің болашағы

қарсы алды. Жастар дегеніміз – жалын от, жастар жүрген жер мереке. Елбасымыз жастар қазіргі уақытта ұсынылып отырған мүмкіндіктерді пайдалануы қажеттігін де

жол картасы – 2020», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел» жобалары арқылы жарты миллион қазақстандық жас қамтылған. Біздің мемлеке-

жастар ауылда да бар, Елбасы мұны да еске салды. Ол ауыл жастарына кәсіп ашып, іс бастауға көмек қолын созу керектігін айтты. Қазіргі кезде жастарға арналған іс-шаралар барлық жерде өтіп жатыр.

Кертінді үлгілі ауылдық кітапханасында да «Бірлігі жарасқан жастар - мәңгілік елдің болашағы» атты дөңгелек үстел өтті. Бұл іс-шараға жоғары сынып оқушылары, ауыл жастары және М.Сүлейменов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Жанбота Қорабайұлы қатысты. Іс-шараны талқылау барысында Қазақстанның жарқын болашағы үшін не істеуге болады және өзге де сұрақтарға жастар өз пікірлерін білдірді.

Жалпы, бұл іс-шараның мақсаты – жастарға өз ойларын айта білуге, дәлелді мысалдар келтіруге, өз көзқарастарын, ой толғауларын жеткізе білуге бағыт беру. Жастардың қоғамдағы міндеті мен жауапкершілігін сезіндіру. «Жас келсе – іске» деген сөз бар. Қазіргі технология заманында ақыл да, тың идея да жастардан шығады. Жастар жылы – жастардың өзін дамытуына үлкен мүмкіндік беріп отыр. Еліміздің барлық жастарына тек сәттілік тілеймін!

Б.К. Ахтямова
Кертінді үлгілі ауылдық
кітапханасының кітапханашысы



назарға алды. «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарында жастарды қолдауға бағытталған шаралар қарастырылған. «Жұмыспен қамтудың

тімізде жастардың сапалы білім алуларына, жұмысқа тұрып кетулеріне барынша мүмкіндіктер жасалған. Талантты, талапты

Мен мақаламды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «XXI ғасырды біз жаһандық сын-қатерлер дәуірі ғана емес, жас, қуатты және талантты адамдардың дәуірі деп те атаймыз. Қазақстанда бүгінде әрбір төртінші азамат - жас ұрпақтың өкілі. Мені сіздердің білімдеріңіз, шет ел тілдерін меңгергендеріңіз, инновацияға ашық болуға талпыныстарыңыз қуантады. Араларыңызда ақылы мен білімі қазірдің өзінде Отанымызға пайдасын тигізіп жатқан жастар аз емес. Әлем жұрты көп ұзамай жаңа қазақстандық ғалымдар, дәрігерлер, инженерлер, музыканттар мен спортшылар туралы естіп-білетініне сенімдімін», – деп айтқан сөзінен бастағым келеді. Нұрсұлтан Әбішұлының қатысуымен «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты Жастар жылы салтанатты түрде ашылды. Тұңғыш Елбасымыздың бұл бастауын жастар қуана